

Еркіншілік ауылы

«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша мектепшілік ата-аналар жиналысы.

Мерзімі: 29 мамыр 2023 жыл

Қатысты: 342

Басталды : 18.00-20.00

Күн тәртібінде:

1. Оқу жылының қорытындысы

(Директордың оқу - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мадениет Ержанар)

2. Баяндама: «Баланы барлық қатігездіктен қорғау»

(Мектеп психологі Жайсамбаева Е.Ә)

3. Жазғы демалысты ұйымдастыру

(Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Салкынбаева А.А.)

4. Құқықбұзушылықтың салдары мен жауапкершілігі

(Учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Ерик Жолдасұлы Исенов)

5. Жазғы демалыс уақытындағы қауіпсіздік ережесі.

(Бастауып сынып мұғалімі Жунусова Н.Ж)

1.Тыңдалды: бірінші сұрақ бойынша төртінші тоқсан қорытындысы

(Директордың оқу - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мадениет Ержанар)

Барлығы/ всего учащихся- 659 (662-3 тоқсан)

1-4 сынып / классы-302

5-9 сынып / классы- 293

10-11 сынып / классы- 64

Қазақ тілінде оқытылатын сыныптарда- 559

В классах с русским языком обучения- 100

Мектепалды даярлықта/В предшколе – 34

Үздіктер/ отличники- 69

Екпінділер/ хорошисты- 245

Бір «4»-пен/С одной «4»-


Бір «3»-пен/С одной «3»-

Қортылмаған/не аттестован – 0


“Алтын белгі” үміткері- (Нұрбек Лапын, Сауренбек Мөлдір), «Үздік аттестат» үміткерлері- 4

(Тимурқызы Е., Ханатқызы Н. -11 сынып; Гімінқызы Ж.,Байтан А. -9 сынып)


Білім сапасы / Качество знаний- 55.2 %




1 тоқ.				55	68	52	58	64	63	53	60	54	55	59	60
2 тоқ.				66. 7	59. 1	50	58. 33	68. 18	57. 89	57. 89	66. 67	54. 17	55	59. 09	54. 55
3 тоқ.				65	63. 64	47. 83	53. 85	68. 18	57. 89	57. 89	62. 5	58. 33	55	59. 09	50
4 тоқ./ жылдық				52	68	48	54	68	53	58	68	56	55	59	50



1 тоқсан	40	38	57	46	59	40	46	40	50	52	46	44	40	34	50
2 тоқсан	48	46	50	46	59	31	46	40	33	55	50	44	36	38	50
3 тоқсан	44	48	50	58	59	38	54	40	50	55	46	44	42	34	50
4 тоқсан/ жылдық	44	48	50	58	59	38	57	40	50	55	46	44	42	34	50



	10А	10Б	11А	11Ө
1 тоқсан	50	67	31	63
2 тоқсан	50	67	50	68
3 тоқсан	57	67	47	74
4 тоқсан/ жылдық	48/57	67	47	74



Қабылданған қаулы. Хабарды мәліметке алу

Шешім: Хабарды мәліметке ала отырып, білім сапасын көтеру мақсатында ата- анамен мектеп арасындағы байланысты нығайту.

Тыңдалды: екінші сұрақ бойынша: « Баланы барлық қатігездіктен қорғау»
(Мектеп психологі Жайсамбаева Е.Ө)

Буллинг дегеніміз не?

Буллинг (bullying) – ағылшын тілінен аударғанда, қорлау, қудалау, мазалау дегенді білдіреді. Адам үйде, мектепте, автобуста немесе интернетте, жалпы айтатын болсақ, кезкелген жерде буллингке ұшырауы мүмкін. Бұл кез келген адамның басында болатын жағдай.

Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін?

Буллинг әр түрлі мағынаны білдіруі мүмкін. Ол:

адамды мазақтау, қорлау, соқтығысу

оның ақшасын не басқа заттарын тартып алу, оларды бүлдіру

сол жайында өсек тарату оны елемеу немесе жекелету, ренжітетін, жаман әзіл айтып, басқа

адамдардың алдында ыңғайсыз жағдайға қою ұрып-соғу, тепкілеу, итеру немесе басқаша

зақым келтіру, қоқан-лоқы көрсету немесе қорқыту.

Буллингтің түрлері:

Физикалық

Вербалды

Қорқыту

Шеттету

Бопсалау

Мүлікті бүлдіру

Кибер буллинг

Буллингті айыру белгісі:

Мектепке немесе оқу орнына барғысы келмейді;

Мектептен немесе оқу орнынан көңіл- күйі түсіп келеді;

Себепсіз жылау;

Сыныптастары немесе топтағылар туралы ештеңе айтпайды;

Сыныптастарының немесе топтағылардың үйіне, туған күн кештеріне бармайды;

Көп ауырады;

Ақша көп сұрайды

Көп сөйлемейді.

Кибербуллингтің алдын алу

Кибербуллинг- әлеуметтік желілер, онлайн ойындар және лездік хабарламалар

қосымшалары арқылы интернеттегі психологиялық зорлық-зомбылықтың бір түрі, қорқыту, қорлау.

Баланың кибербуллинг қысымына ұшырағанын қалай түсінуге болады?

Әлеуметтік желілердегі кибербуллинг ересектерге байқаусыз болуы мүмкін, ал жасөспірім балалардың өздері мұны мойындап, ата-анасынан көмек сұрауға асықпайды. Баланың тұйықталып, өзімен-өзі оқшаулануы сияқты белгілер арқылы не болып жатқанын түсінуге болады. Мазасыздану салдарынан баланың ұйқысы бұзылады, көңіл-күйі төмендейді, денесіндегі әртүрлі ауырсыну мазалап, жалпы денсаулығы нашарлауы мүмкін. Мектеп жасындағы балалар көбіне сыныптастары тарапынан кибербуллингке ұшырайтын болғандықтан, бұл баланың мектепке баруға ынтасының жойылуынан көрінуі мүмкін. Ешқандай себепсіз баланың бағалары төмендеуі және жеке заттары жоғала бастауы мүмкін. Сонымен қатар, баланы интернет арқылы қудалау тікелей бұзақылықпен қатар жүруіде мүмкін, соның салдарынан ұрып-соғу нәтижесінде баланың денесінде жарақаттар мен көгерген дақтар пайда болуы мүмкін.

Кибербуллинг анықтаған жағдайда ата-ана не істеуі керек?

Мұндай жағдайда балаңыз үшін Сіздің қолдауыңыз аса маңызды. Балаңызға болған оқиғаның барлығын егжей-тегжейлі дереу айтып беруге мәжбүрлеп, қатты қысым жасамаңыз. Балаңыздың күш-жігерін жинап, барлығын өзі айтып беруін күтіп, байыпты әрекет еткеніңіз жөн. Балаға өзіңіздің оны қолдайтыныңызды және орын алған жағдайды түзетуге болатындығын көрсетуіңіз керек. Балаңызға оның денсаулық жағдайына кері әсерін тигізетін ұялу, қорлану сезімінен арылуға көмектесуіңіз қажет. Егер Сіздің балаңызды кибербуллинг арқылы қорқытып-үркітіп сыныптастары екендігі анықталса, сынып жетекшісіне немесе мектеп әкімшілігіне хабарласу керек. Олармен бірге баланы қолдауға бағытталған қадамдар жасау керек. Кибербуллинг те тікелей психологиялық зорлық-зомбылық сияқты қылмыстық жауапкершілікке тартылатын әрекет екенін есте ұстауымыз керек. Интернет компания ұсынатын анонимділік, трафик, браузер тарихы және т.б. нәрселерге қарамастан, нақты зиян келтірген кезде, зиян келтірушіні оңай анықтауға болады. Сондықтан мұндай шабулдардан қорғанудағы бірінші кезектегі қадам - балаға желіде сауатты әрекет етуді үйрету. Балаларды өте мұқият қадағалау керек, өйткені балалар біреулердің өзін қорқытып, қысым көрсетіп жүргенін басқалардан жасырады.

Суицидтік әрекетті болдырмау.

Суицид дегеніміз – бұл саналы түрде өмір сүруді тоқтату, яғни осы тұрғыдан қарағанда өзіне-өзі қол жұмсау адамның саналы мінез-құлық актісі болып табылады.

Суицидтік мінез-құлық – бұл өзіне қол жұмсау туралы ойларға бағытталған психикалық актілердің сыртқы және ішкі нысандары. Ішкі нысандарға суицидтік ойлар (елестету, уайымдау); суицидтік үрдістер (ниет, мақсат) сыртқы нысандарға – суицидтік көріністер, суицидке оқталу (әрекеттену) жатады.

Суицид жағдайына бейім тұлғаның мінез-құлықтық ерекшеліктері:

Өзін өлтіру туралы табанды немесе қайталанған ойлар;

Жабығулы көңіл күй, асқа төбеттің және өмірлік белсенділігінің жиі жоғалуы, ұйқысының қашуы;

Көп жағдайда есірткі немесе спирттік ішімдікке тәуелді болуы;

Оқшаулануы, өзін ешкімге керегі жоқ сезінуі;

Үмітсіздік, дәрменсіздік сезімі. Осы уақытта өзіне - өзі қол жұмсау тілегі алғашқы, күшті сезімі болуы мүмкін.

Еш үмітсіз сезімнен және өзін өлтіру туралы ойының әсерінен басқа адамдармен қарым - қатынас жасай білмеуі;

Жасөспірімдік кезең - алуан түрлі қарама-қайшылыққа толы, ата-аналар мен мұғалімдерді алаңдататын, уайымға түсіретін күрделі шақ. Себебі, күнделікті өмірде дау-дамайдың көптігі, олардың көңіл-күйінің тұрақсыздығы, қоғамға ашықтан-ашық наразылық білдіруі, ата-ананың қамқорлығын қабылдамауы немесе ұялпақтық және жасөспірімдік максимализм. Сондықтан да ата-аналар өздерінің балалары жеткіншек жасқа жеткен уақытта күрделі, тіпті кейбір жағдайда неше түрлі қайшылықтарға кездесетінін түсінулері қажет. Жасөспірімдердің суицидке бейімділігінің себебін анықтау, тіпті солай деп жорудың өзі қиынға түседі. Бұл көбіне балалардың мінез-құлқының тұрақсыздығына да, сондай-ақ анықтау және балаға жәй ғана назар аударудың өзінің жоқтығына байланысты болады. Бұл жастағы балалар ересектер қатарына да жатпайды, бірақ олар бала болғысы да келмейді. Сондықтан оларға ересек адамның тығыз байланысы мен өзара терең түсіністігі қажет. Суицидтік әрекет көбінесе, жасөспірімнің сабақ үлгермеушілігі, оған ынтасының төмендеуі, ересектермен қарым-қатынасының шектелуі, сезім тұрақсыздығынан байқалады. Тәрбиедегі ақаулық, дене жазасының басымдылығы, балада эмоциялық тұрақсыздықтың дамуына, эмоциялық қимыл-қозғалыс деңгейінің жоғарылауына әкелетіні жиі кездеседі. Ата-аналардың тым қаталдығы, олардың өз беделдерін басты орынға қоюы немесе балаға шектен тыс қамқорлық жасау-жасөспірімге кері әсерін тигізеді. Белгілі бір нақты себептермен баласын рухани және эмоциялық тепе-теңдікпен қамтамасыз ете алмаған отбасы, оның суицидтік әрекет жасауына түрткі болып табылатынын атап өткен жөн.

Балаға қатысты зорлық

Бұл дене немесе эмоционалды қатал қарым-қатынас, сексуалды қорлық, қаңғыбастық немесе ата-ана міндеттерінен ауытқу, коммерциялық немесе басқа да қанау, баланың денсаулығына, дамуына немесе намысына, сеніміне зиян келтіретін барлық формалардың түрлері. Бала құқығы туралы Конвенция балалардың барлық зорлық түрлерінен қорғалуға құқығы бар, балаларға қатысты зорлық көлемінің ауқымын мойындайды және көрсетеді. Зорлық деген сөздің астарында ұрлау, балалар өлімі, дәстүрлі тәжірибеге байланысты жарақат алу, сондай – ақ психикалық және тұлғалық балаларға қатысты «тәртіп шаралары» сияқты тұлғалық жазалауды қосқанда қиянат жасау түсінігі жатыр. Конвенцияға сәйкес балалардың «тұлғалық және психологиялық зорлықтың кез-келген түріне» тұлғалық және жеке қол сұғылмаушылыққа құқығы бар. Зорлық көрген балалар көбінесе дұрыс тамақтанбайды да түрлі ауруларға душар болады, мектепте нашар оқиды, өзін-өзі бағалауы төмен болады. Конвенцияға сәйкес балаларға қатысты зорлық көрсету адам құқықтарының бұзылғандығын көрсетеді.

Зорлық – зомбылықтың түрлері:

1. Физикалық зорлық: Соққы, жармасу, алақанмен немесе жұдырықпен не болмаса басқа да нәрселермен ұру, ешқайда шығармау, тұншықтыру, соққыға жығу, ұрып – соғу, қару-

жарак қолдану, отпен зақымдау, әлеуметтік немесе медициналық көмектің жәбірленушіге қолжетерлік жағдайда болмауы және т.б.

2. Жыныстық зорлық: Күшпен, қорқыту немесе бопсалау арқылы жыныстық қатынасқа көндіру, зорлау; жыныстық қатынастағы әрекет арқылы жәбірленушінің денсаулығына киянат жасау және т.б.

3. Психологиялық зорлық: Сөзбен кемсітушілік, бопсалау, құрбандарға және басқаларға өзіне қатысты зорлыққа қоқанлоқы, жеке заттар мен үй жануарларына қатысты зорлық арқылы қорқыту; аңду; жәбірленушінің қызметін бақылау; жәбірленушінің араласатын ортасын бақылау; жәбірленушінің әр түрлі орындарын (әлеуметтік және медициналық көмегін, жолкөлігін, достарымен араласуын, білім алуын, жұмысын және т.б.) бақылау.

4. Эмоциялық зорлық: жәбірленушіні өзін кемсітетін әрекеттерге күшпен көндіру, жәбірленушінің күн тәртібіне бақылау жасап отыру т.б.

5. Экономикалық зорлық: Балаларды қамтамасыз етуден бас тарту; табысты; отбасылық қаражатты оң- солды жұмсау, көптеген қаражаттық шешімдерді өз бетімен қабылдау (азық – түлік алуда балалардың қажеттіліктері есептелмейді).

6. Балалар еңбегін қанау: күшпен жұмыс істету, құлдық, қорқытып алу, қайыршылық.

Ерте жүктіліктің алдын алу

- **Жасөспірімдік шақ** – бұл бала өміріндегі физиологиялық және психологиялық өзгерістердің өте жылдам өтетін, әрі оның өмірдегі өз орнын анықтайтын, бағыт-бағдар алатын ең күрделі кезең екені анық. Демек, осы кезде бала дамудың бірнеше жолдарының біріне аяқ басады. Бұл кезде өмір көз алдында өзгеріп салады. Алғашқы махаббат, бірінші кездесу, алғашқы сүйіспеншілік – мұның барлығы жасөспірімдердің аңдамай аяқ басуына, күрделі қиындықтарға әкеп соғуы мүмкін. Солардың бірі – ерте жүктілік.
- **Ерте жүктілік** деп 13-19 жаста болатын жүктілікті айтады. Осы уақытта қыз балаларда өтпелі жас кезеңі басталып, гормондық қайта құрылу жүреді. Медицинада 18 жасқа дейін болған жүктілік ерте жүктілік деп саналады.
- **Ресми статистикаға жүгіне кетсек**, Денсаулық сақтау министрлігінің 2015 жылғы ақпараты бойынша елімізде жылына шамамен он мыңға жуық кәмелеттік жасқа толмаған қыз балалар жүкті болады, соның ішінде қырық пайызы ана атанса, қалғаны жасанды түсік тастату әрекетіне баратыны мәлім екен.

Ата-аналарға берілетін ұсыныстар

- Балаңызбен сырласу үшін оның да бір ыңғайлы жолын таба білгеніңіз жөн.
- Бала тәрбиесіндегі ең әсерлі фактор - ата-ананың бір-бірін сыйлауы, ынтымағы, сүйіспеншілігі, бір-біріне деген қамқорлығы және кішіпейілдігі.
- Баланыңызды патшадай көріп төріңізге шығарсаңыз да, төбеңізге шығармаңыз. «Ата-анасынан тыйым көрмеген бала тағдырдан таяқ жейді» деген сөз де бар.
- Балаңыз кіммен кездесіп, кіммен ДОСТАСЫП жүргенін, бос уақытын қалай өткізетінін біліп отырғаныңыз жөн.

Қорытынды:

Жалпы, қазақта «қызды қырық үйден тыю» деген сөз бекер айтылмаған. Біздің ата-бабамыз келешек ұрпағының тазалығын қыздың тәрбиесінен бастаған. Осындай дәстүрдің бәрін жоққа шығарып, демократияны желеуетіп, өркениеттілік осы екен деп, бетімен кету – ол біздің ата дәстүрімізге, жалпы ұрпағымызды тәрбиелеп-өсіруге кері әсерін тигізеді

Қабылданған қаулы. Хабарды мәліметке алу

Шешім: Хабарды мәліметке ала отырып, оқушылар арасында кибербуллингтің, буллинг-қатыгездің, қарым – қатынастың, суицидтің, ерте жүктіліктің, алдын алу бойынша жұмысты күшейту. Ата-аналарға балаларына жақын болу, мүдделерін қорғау, әңгіме жүргізу.

Тыңдалды: үшінші сұрақ бойынша: Жазғы демалысты ұйымдастыру (Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Салкынбаева А.А.)

Жазғы каникул балалардың жылдың бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептерге сабақтан гөрі баланың еркіндікке, өзі үшін қызықты істерді жасау және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең. Сондықтан, жаз -балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, олардың жеке басына тән байланыстарын жетілдіру, әлеуметтік және мәдени білім беру құндылықтарына араласу, әлеуметтік байланыстар жүйесіне қосылу, өз жоспарларын іс жүзіне асыру, жеке бас мүдделерін қанағаттандыру, ойын- сауық, бойында жиналып қалған шиеленістен арылу, жұмсалған күшінің орнын толтыру, денсаулығын нығайту үшін арналады. Балалардың демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселенің бірі болып саналады. Сондықтан мектебімізде жыл сайын демалыс уақытындағы балалар мен жасөспірімдердің толық демалуына, танып білу, шығармашылық және қоғамшылдық белсенділігін арттыруға, балалардың өзін- өзі ұйымдастыру қабілеттерінің дамуына, ғылыми, техникалық, көркем шығармашылық, спорт, саяхат пен экология және басқа да танымдық қызмет түрлеріндегі білім мен іскерліктерін арттыруға жағдай жасау мақсатында мектебімізде оқушылар үшін жазғы сауықтыру ауысымдары ашылады.

Жазғы демалысты ұйымдастыру.

Іс - шаралаар атауы	мерзімі	Жауаптылар
Мектеп жанындағы «Айгөлек» лагері	01.06.23- 14.06.23	Ғылымхан Есения - лагерь басшысы
I маусым		Тогтархан Онергуль, Мельхер Мария
Мектеп жанындағы «Айгөлек» лагері	16.06.23- 29.06.23	Санах Юра - лагерь басшысы
II маусым		Көкен Майгуль, нурмухамедова Ж.Б.
Мектеп жанындағы «Айгөлек» лагері	03.07.23- 14.07.23	Жунусова Н.С- лагерь басшысы
III маусым		Макашева А.А., Жунусова Ж.С
«Жасыл ел» тобы	01.06.23- 07.06.23	Смаилова Ж.Т
Экологиялық топ	17.07.23- 21.07.23	Депутат Наурызгуль
Үш тілдік мектеп	24.07.23- 28.07.23	Абдрахманова Г.Р., Хурметхан Жанбота,
I маусым		Жампеисова А.М
Үш тілдік мектеп	31.07.23- 04.08.23	Алмасбек Айнур, Хуанар Мереке,
II маусым		Гайнутдинова И.М.
Үш тілдік мектеп	07.08.23- 11.08.23	Арыстан Амангуль, Кызырова С.К., Түленова
III маусым		С.С.
Ұлттық ойындар спорттық секциясы	14.08.23- 18.08.23	Бейбітхан Еркін
Волейбол спорттық секциясы	21.08.23- 25.08.23	Мырзат Айдос
Баскетбол спорттық секциясы	28.08.23- 31.08.23	Зархам Төлеухан

Қабылданған қаулы. Хабарды мәліметке алу

Шешім: Хабарды мәліметке ала отырып, жазғы мектеп жұмысы сапалы ұйымдастыру

Тыңдалды: төртінші сұрақ бойынша тыңдалды учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Исенов Ерик Жолдасұлы «Құқықбұзушылықтың салдары мен жауапкершілігі» тақырыбында ата аналарға жауапкершілік туралы ескерту жасап , оқушылардың жазғы уақытындағы жалпы қауіпсіздігіне мұқият назар аударуын сұрады.

Қабылданған қаулы. Хабарды мәліметке алу

Шешім: Хабарды мәліметке ала отырып, оқушылардың жазғы уақытындағы қауіпсіздік ережесіне ата аналар жауапты .

6. **Тыңдалды:** бесінші сұрақ бойынша: Жазғы демалыс уақытындағы қауіпсіздік ережесі.

(Бастауыш сынып мұғалімі Жунусова Н.Ж)

«Қауіпсіз жаз – 2023»

Құрметті ата-аналар!

Балаларыңызбен қауіпсіздік ережелері туралы әңгімелесіңіз. Жазғы демалыстан балаңыздың есінде тек жарқын күндер мен тамаша әсерлер қалдыру үшін тырысыңыз. Жазғы демалыс кездерінде балаларыңыздың өмірі мен денсаулығы үшін жауапты екеніңізді есіңізге саламыз.

Алдымызда үш ай жазғы демалыс.

Сіздерге жаздың қызықты өтуін, көтеріңкі көңіл-күй мен денсаулық тілейміз!

«Жаз және біздің балаларымыздың қауіпсіздігі»

Құрметті ата-аналар! Үйде немесе сыртта жүрген балаңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кенеттен пайда болған шұғыл жағдайда тез әрекет етуге дайын болу сіздің міндетіңіз.

Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережесі есіңізде болсын!

1.Оқушыларға жазғы демалыс кезінде су айдындарына бармауды,көлік құралдарын басқармауды,техника қауіпсіздігін сақтауды ескертеміз.

2.Оқушылардың (ұл - қыздарыңыздың) жазғы демалыс кезінде ұзақ жолға шығуына,қыдыруына,қауіпсіздігіне ата-ана жауапты екендігін ескертеміз.

3.Жол ережесін қатаң сақтау,түнгі беймезгіл уақытта сенімді өкілсіз көшеде жүрмеу


4.Жазғы демалыс кезінде оқушылар арасында әлімжеттік пен келеңсіз жағдайлардан аулақ болу ескертілді.

Жазда табиғаттағы қауіпсіздік ережесі

Егер отбасыңызбен табиғатқа (орман, саябақ) шықсаңыз, мына ережелерді есте сақтаңыз:

- Мұндай жерлерде әдетте, кене көп болып келеді. Сондықтан балаға жабық шалбар мен жабық аяқ киім кигізген жөн. Шалбар балағын шұлыққа салып қойыңыз;
- Балаға ормандағы таныс емес саңырауқұлақтар мен жидектерді жеуге болмайтындығын түсіндіріңіз. Олар улы болуы мүмкін;
- Сона, ара секілді жәндіктердің шағуын болдырмас үшін олар бар кезде қозғалмай тұру керектігін айтыңыз;

ЖАЗҒЫ МАУСЫМДА СУДА ӨЗІН-ӨЗІ ҮСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ



КЕЛЕСІ ЕРЕЖЕЛЕРДІ САҚТАУ ҚАЖЕТ:

- тек жабдықталған орындарда шомылу
- тік жағалауларда ойнамаңыз
- қоршау белгісінен әрі қарай жүзбеңіз
- суда қауіпті ойындар өткізбеңіз
- бейтаныс жерлерде суға сүңгімеңіз
- ашық суда (қайықтарда, салдарда,
«банандарда») құтқару кеудешелерін киіңіз
- үрлемелі матрастарда жағадан алыс
жүзуге болмайды

ЕРЕСЕКТЕР БАЛАЛАРҒА СУДАҒЫ
ЖҮРІШ ТҮРЫС ЕРЕЖЕЛЕРІН ҮЙРЕТІП,
БАЛАНЫ БІР МИНУТҚА ҚАРАУСЫЗ
ҚАЛДЫРМАУЛАРЫ ҚАЖЕТ!

Төтенше жағдайлар туындаған жағдайда
неміріне қоңырау шалыңыз


112



Өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар!!!



Өрттер адам өміріне қатер төндіріп, үлкен залал әкеледі.



Өртті болдырмау үшін Сізге мынадай өрт қауіпсіздігі ережелерін есте сақтаған жөн:

- Электр қыздырғыш құралдарды қосылған күйде қалдыруға болмайды.
- Қуаттылығы күштібірнеше электр аспабын бір уақытта қосуға болмайды.
- Газдың кеміп қалуын тексеру үшін ашық отты қолдануға болмайды.
- Сіріңкемен, оттықтармен, отпен және от шашулармен ойнауға болмайды.
- Зақымдалған электр өткізгіштерді қолдануға болмайды.
- Өрт және жану оқиғасы болған кезде тез арада телефон арқылы «101», «112»-ге хабарласыңыз.

Ата-аналардың міндеттері:

- Балалардың өмірі мен денсаулығы, интеллектуалдық, психикалық, рухани және адамгершілік дамуына кедергі келтіретін барлық жерлерге балаларды жібермеу.
- Балалардың денсаулығы, рухани және адамгершілік дамуына зиян келтіретін түрлі ақпараттардан, үгіт-насихаттан қорғау.

Құрметті ата-аналар!

Балаларды қараусыз қалдырмаңыздар!

Сонда ғана сіз түрлі жағдайлардан аулақ боласыз!

Жақсы және жайлы демалыс тілейміз!

Балаларыңыздың денсаулығы-сіздің қолыңызда!

Қабылданған қаулы. Хабарды мәліметке алу

Шешім: Хабарды мәліметке ала отырып, оқушылардың жазғы демалыс кезіндегі өмір қауіпсіздігіне ата-аналар жауапты.

Ата-аналар комитетінің төрайымы:

Ата-аналар жиналысының хатшысы:

Мектеп директоры:



Мархаш Н

Мырзахан К

Исатаева Б.Г.